



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АЗЫҚ-ТҮЛІК ИНФЛЯЦИЯСЫН СҰРАНЫС ПЕН ҰСЫНЫС ФАКТОРЛАРЫНА БӨЛУ

Ақша-кредит саясаты департаменті

№2023-10 экономикалық зерттеу
Жұмыс мақаласы

Әлишер Бірлікбай

Аңсар Сейдахметов

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҚРҰБ) экономикалық зерттеулері мен талдамалық жазбалары ҚРҰБ зерттеу нәтижелерін, сондай-ақ ҚРҰБ қызметкерлерінің басқа да ғылыми-зерттеу жұмыстарын таратуға арналған. Экономикалық зерттеулер пікірталастарды ынталандыру үшін таратылады. Құжатта аталған пікірлер автордың жеке ұстанымын білдіреді және ҚРҰБ ресми ұстанымына сәйкес келмеуі мүмкін.

Азық-түлік инфляциясын сұраныс пен ұсыныс факторларына бөлу.

NBRK – WP – 2023 – 10

© Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсынылған материалдарды автордың рұқсатымен ғана қандай да бір пайдалану мүмкін

Мазмұны

1. Кіріспе	4
2. Деректер мен әдіснама	5
3. Нәтижелер мен тұжырым.....	7
4. Қорытынды.....	Ошибка! Закладка не определена.
5. Сілтемелер.....	Ошибка! Закладка не определена.
6. Қосымша.....	Ошибка! Закладка не определена.


Әлишер Бірлікбай¹

Аңсар Сейдахметов²

1. Кіріспе

Соңғы бірнеше жылда инфляция Қазақстан экономистері, саясаткерлері мен жұртшылығы талқылайтын өзекті тақырыптардың бірі болып табылады. Өздеріңіз білетіндей, елдегі тұтынушылық инфляция азық-түлік тауарлары, азық-түлікке жатпайтын тауарлар мен қызметтер бағасының өзгеруі деп бөлінеді. Тұтыну бағаларының индексында (ТБИ) ең үлкен үлес (шамамен 40%) азық-түлік инфляциясына тиесілі. **1-диаграммаға сәйкес**, 2012 жылғы шілде – 2023 жылғы сәуір аралығындағы кезеңде тұтынушылық инфляция -0,10%-дан 5,20%-ға (а/а) дейінгі, ал азық-түлік инфляциясы – -0,88%-дан 5,76%-ға (а/а) дейінгі аралықта құбылды. 2015 жылы теңге бағамының еркін өзгермелі режиміне көшуі және 2022 жылы Батыста геосаяси ахуалдың шиеленісуі сияқты бағаның жоғары құбылмалылығын тудыратын экономикалық тұрақсыздықтың жекелеген кезеңдерін қоспағанда, графикте баға өзгеруіндегі маусымдылық факторы байқалады. Жалпы алғанда, баға жылдың бірінші жартысында төмендеп, жылдың соңына қарай ең жоғары деңгейіне жетеді. Дегенмен, бақылаудың шамамен 55%-да азық-түлік инфляциясы тұтынушылық инфляциядан асып түсетінін байқауға болады, бұл азық-түлік бағасының динамикасы ТБИ өсуіне және төмендеуіне әсер ететінін көрсетеді.

1-диаграмма. Тұтыну инфляциясы (тауарлар мен қызметтер) мен азық-түлік инфляциясын (азық-түлік өнімі) салыстыру (айдан айға)



Ескертпе: Авторлардың Ұлттық статистика бюросының деректері негізіндегі есептеуі

¹ Әлишер Бірлікбай – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты департаментінің макроэкономикалық зерттеулер және болжау басқармасы, практикант.

² Аңсар Сейдахметов – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты департаментінің макроэкономикалық зерттеулер және болжау басқармасы, бас маман-талдаушы.

E-mail: Ansar.Seidakhmetov@nationalbank.kz

Осы өзгерістердің динамикасын түсінуге тырысып, Қазақстанда азық-түлік инфляциясы негізінен елдің азық-түлік импортына тәуелділігі, айырбастау бағамының құбылуы және шикізат тауарларына әлемдік бағаның тұрақсыздығы сияқты себептерге қарай ұсыныс факторларына негізінен байланысты деп болжауға болады. Мысалы, 2010 жылы Кеден одағы мен Еуразиялық экономикалық одақ құрылғаннан кейін Ресей Федерациясының Қазақстанның импорт бойынша негізгі сауда серіктестерінің бірі ретіндегі рөлі арта бастады. Мәселен, 2010-2020 жылдардағы кезеңде Қазақстанға Ресей импортының орташа жылдық көлемі 6,6-дан 13,2 млрд АҚШ долларына дейін екі есе өсті (Түлеуов, 2021). Халықаралық саудадағы мұндай құрылымдық өзгерістер Қазақстан нарығындағы Ресейдің азық-түлік тауарларының үлесі 2 есеге жуық ұлғайып, 2022 жылғы жағдай бойынша шамамен 50%-ды құрады. Бұл ретте геосаяси жағдай шиеленісуі аясында 2022 жылғы наурыз - маусымы аралығындағы кезеңде Қазақстан теңгесі Ресей рубліне қатысты 82,3%-ға құнсызданды. Сонымен қатар, 2022 жылы жергілікті және әлемдік логистикалық жеткізу тізбегінің бұзылуы, жаһандық инфляцияның өсуі, сондай-ақ бірқатар елдерде сауда қатынастарының нашарлауы байқалды. Демек, осы факторлардың жиынтығы Қазақстандағы жалпы инфляцияның деңгейі 2022 жылғы ақпанда рекордтық 21,3%-ға, ал азық-түлік инфляциясының деңгейіне 26,2%-ға неге жеткенін (*Ұлттық статистика бюросы, 2023*) түсіндіреді деп болжауға болады.

Дегенмен, азық-түлік инфляциясының ауытқу проблемасын дұрыс шешу үшін бағаның өзгеруі ең алдымен сұраныс немесе ұсыныс факторларын немесе экзогендік күтпеген өзгерістерді көрсететінін анықтау және осы факторлардың инфляция деңгейіне қалай әсер еткенін бағалау үшін эконометриялық талдауды қолдану маңызды. Сондықтан осы талдамалық жазбада 2012-2023 жылдар аралығындағы кезеңде Қазақстандағы азық-түлік инфляциясының деңгейіне ұсыныс пен сұранысқа байланысты факторлардың әсер ету дәрежесі зерттеледі. Міндет – тұтыну қоржынындағы тауарлардың әр санаты азық-түлік инфляциясына үлес қосатын арналарды анықтау. Нәтижесінде, бұл елдегі ақша-кредит саясатының әртүрлі шараларының әлеуетті әсерін жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Осыны назарға ала отырып, зерттеу нәтижесі санаттардың үштен екісінен астамы негізінен сұраныспен және санаттардың үштен біріне жуығы ұсыныспен анықталғанымен, ұсыныс факторлары азық-түлік инфляциясының 40%-дан астамын түсіндіретінін көрсетті. Сонымен қатар сұраныс факторлары бақылаулардың жартысына жуығында болғанына қарамастан, инфляция деңгейінің үштен бірінен сәл астамын ғана түсіндіреді. Саясаткерлер бұл нәтижелерді монетарлық немесе фискалдық саясаттың сұраныс және/немесе ұсыныс факторларына байланысты жоғары инфляция жағдайында экономикаға қаншалықты әсер ететінін зерделеу үшін пайдалана алады. Бұл тұжырымдар сұраныс пен ұсыныстың инфляцияға әсерін өнімділік деңгейіне, валюта бағамына, мемлекеттік шығысқа және т. б. байланысты күтпеген өзгерістерден бөліп алу үшін де қолданыла алады.

2. Деректер мен әдіснама

Зерттеуде (1) инфляцияның қысқа мерзімді үрдістерін дәлірек анықтау үшін айдан айға өзгерістерді көрсететін баға туралы ай сайынғы деректер және (2) уақыт қатарындағы ауытқуды азайту үшін жылдан жылға өзгерістерді көрсететін саны туралы ай сайынғы деректер пайдаланылады. Деректер алкогольдік сусындар мен темекі

өнімдерін қоса алғанда, бірақ олардың жоғары маусымдылығына және деректердің жеткіліксіздігіне байланысты жемістер мен көкөністерді қоспағанда, тұтыну қоржынынан алынған тамақ өнімдерінің 31-санаты бойынша ұсынылды. Әр санат тамақ өнімдерінің бірнеше атауының жиынтығын білдіреді (Қосымшадағы **1-кестені** қараңыз). Деректерде 2011 жылғы қаңтар – 2023 жылғы сәуір аралығындағы кезең қамтылады.

Зерттеуде талдау жүргізу үшін векторлық авторегрессия моделі (VAR) қолданылады. Бағаның болжамды мәндерін алу үшін модельде әр санаттағы бағаның айнымалысы, артта қалу ретін таңдаудың статистикалық әдісінен алынған бағаның уақыттық артта қалуы және тиісті санаттағы шаманың айнымалысы пайдаланылады. Санның болжамды мәндерін алу үшін модельде әр санаттағы санның айнымалысы, санның уақыттық артта қалуы және тиісті санаттағы баға айнымалысы пайдаланылады. Модель Прайс-Уинстен және Кокрен-Оркутт түрлендірулері арқылы автокорреляцияға, сондай-ақ Уайт нысанындағы робастикалық стандартты қателіктер арқылы гетероскедастикаға түзетілді.

Санаттың сұранысқа және/немесе ұсынысқа тәуелділігін анықтау үшін зерттеуде Adam Shapiro мен Robert Calvert Jump & Karsten Kohler ұсынған әдістер қолданылады. Микроэкономика қағидатына сәйкес сұраныс қисығының ұсыныстың жоғары қисығы бойымен ығысуы және тауардың бағасы мен оның сұраныс саны арасында оң байланыс бар. Бұл сұраныстың артуы тауар бағасының да, санының да өсуіне әкелетінін білдіреді. Екінші жағынан, ұсыныс қисығын сұраныс қисығының төмен еңкейген бойымен жылжыту тауар бағасы мен санының қарама-қарсы өзгеруіне әкеледі. Бұл ұсыныстың қысқаруы тауар санының азаюына және бағаның өсуіне әкелетінін білдіреді (Shapiro, 2022). Бұдан бөлек, сұраныс пен ұсыныс қисықтарының бір бағытта бір мезгілде жылжуы тауардың азаюына немесе тепе-теңдік санының ұлғаюына, бірақ тепе-теңдік бағаның біркелкі емес өзгеруіне әкелетінін атап өткен жөн. Сонымен қатар екі қисықтың бір мезгілде қарама-қарсы бағытта жылжуы тепе-теңдік бағаның төмендеуіне немесе ұлғаюына, бірақ тепе-теңдік санының біркелкі емес өзгеруіне әкеледі. Осы теорияларды ескере отырып, баға мен сан қалдықтарының³ белгілерін салыстыру сұраныспен немесе ұсыныспен негізделгендей қандай да бір санатты айқындау үшін пайдаланылуы мүмкін. Мәселен, егер осы бақылауда екі қалдықтың да белгісі бірдей болса, онда санат осы айда «сұранысқа байланысты» болып есептеледі. Егер қалдықтардың қарама-қарсы белгілері болса, онда осы айда санат «ұсынысқа байланысты» болып есептеледі (Calvert Jump & Kohler, 2022). Егер ағымдағы және өткен кезеңдердегі бағаның (және/немесе санның) байқалатын мәні арасындағы айырмашылық нөлге тең болса, онда санат осы айда «біркелкі емес» деп белгіленеді.

Сұраныс, ұсыныс және біркелкі емес болуынан туындаған азық-түлік инфляциясына ай сайынғы салымдарды есептеу үшін осы санатқа инфляция қарқыны оның ТБИ тауарлары мен қызметтері қоржынындағы тиісті жылдық салмағына көбейтіледі.


³ Қалдық - регрессиялық талдаудағы бақыланатын мән мен болжамды мән арасындағы айырма.

3. Нәтижелер мен тұжырым

Ең алдымен, Дики-Фуллердің стационарлық тесті көрсеткендей, «Сигареттер мен папиростар» санатының сандарын қоспағанда, барлық санаттағы баға және сандық ауыспалылар стационарлық екенін көрсетеді. Бұл ауыспалының кезеңдік тербелістерін көрсетеді, сондықтан проблема ауыспалыны бірінші дифференциалмен деректерге түрлендіру жолымен шешілді. Бұдан басқа, Дарбин-Уотсонның автокорреляцияға тесті көрсеткендей, автокорреляция «Картоптан басқа, өңделген және консервіленген көкөністер; көкөністер мен саңырауқұлақтар негізіндегі дайын тамақ өнімдері» және «Сигареттер мен папиростар» санаттарының көрсеткіштерінде байқалатынын көрсетеді. Сондықтан қателердің бұрынғы мәндерімен байланысын түзету үшін Прайс-Уинстен және Кокрен-Оркутт рәсімдері қолданылады. Сол сияқты, 31 бағалық ауыспалының 22-сі және 31 сандық ауыспалының 16-сы гетероскедастиканы көрсетеді, бұл қате мүшелерінің дисперсиясын теңестіру үшін Уайт формасындағы робастық стандартты қателерді пайдалануды талап етеді.

Модельдеу нәтижелеріне сәйкес ұсыныс факторлары орташа есеппен алғанда айлық азық-түлік инфляциясына шамамен 0,33 т.ш. енгізді, бұл азық-түлік тауарлары бағасының шамамен 42%-ын құрайды. Сұраныс факторлары - шамамен 0,29 т.ш. салыстырмалы үлес қосты, бұл инфляция деңгейінің шамамен 36% жоғарлағанын/төмендегенін түсіндіреді. Біркелкі емес факторлар, өз кезегінде, 0,04 т.ш-ға жуық үлес қосып, азық-түлік инфляциясының деңгейін 5%-ға түсіндіреді. Қалған 17% көлеміндегі айырмашылық талдаудан шығарылған көкөністер мен жемістер бағасының өзгеруіне байланысты деп болжануда. **2-диаграммадан** көргеніміздей, азық-түлік тауарларына байланысты инфляция деңгейінің өзгеру үрдісі жалпы салымдардың жалпы сомасының өзгеру үрдісін белгілі бір уақытқа кешігіп қайталайды. Дегенмен, категориялық салымдар құрылымындағы өзгерістер уақыт өте келе қызықты динамиканы көрсетеді. Мысалы, сұранысқа негізделген факторлардың азық-түлік инфляциясына салымы инфляция деңгейінің төмендеу кезеңдерінде төмендеу үрдісіне ие, ал ұсынысқа негізделген факторлар үлесі экономикалық күтпеген өзгерістер мен инфляцияның өсу кезеңдерінде ұлғаю және басым болу үрдісіне ие.


2-диаграмма. «Сұранысқа негізделген», «ұсынысқа негізделген» және «әркелкі» тауарлар санаттарының инфляциясына ай сайынғы салым



Ескерту: Ұлттық статистика бюросының деректері негізінде авторлардың есептеулері


Одан да қызығы, **3-диаграммаға** қарағанда орташа алғанда, бақылаудың шамамен 47%-ы сұраныс факторларына, 44%-ы ұсыныс факторларына және 9%-ы әркелкі факторларға негізделген. Факторлар түрлері уақытқа тәуелді болмаса да, сұраныс факторлары мен ұсыныс факторларының бір бірімен кері байланысы бар (**4-диаграмманы** қараңыз). Бұл сұраныс факторларының күрт өсуінің ұсыныс факторларының күрт төмендеуіне және керісінше байланысты екенін көрсетеді. Әркелкі факторларға келетін болсақ, олар ұсынысқа негізделген факторлардың туындау жиілігінің өзгеру үрдісіне біраз уақыт кешігіп бейімделеді. Мұндай бақылау ұсыныстағы өзгерістердің тауарлар санаттарындағы инфляцияның әркелкі факторларының қалыптасуына жанама және кеш әсерін көрсетуі мүмкін.

3-диаграмма. Тауарлардың 31 санаты негізінде айларды «сұранысқа негізделген», «ұсынысқа негізделген» және «әркелкі» санаттарына жіктеу



Ескерту: Ұлттық статистика бюросының деректері негізінде авторлардың есептеулері


4-диаграмма. Белгілі бір айда «сұранысқа негізделген», «ұсынысқа негізделген» және «әркелкі» тауарлар санаттарының пайда болу жиілігі



Ескерту: Ұлттық статистика бюросының деректері негізінде авторлардың есептеулері

5-диаграммадан көргеніміздей санаттардың 71%-ы сұранысқа тиесілі, ал 29%-ы ұсынысқа тиесілі екенін атап көрсеткен жөн. Бағалары сұранысқа байланысты жиі өзгереді тауарлар санаттарына «Өңделген және консервіленген жемістер мен жаңғақтар», «Ферменттелген немесе ұйытылған йогурт, сүт және кілегей», «Ұн», «Қант», «Сірке суы, тұздықтар, аралас дәмдеуіштер, ұн мен қыша ұнтағы; дайын қыша» және «Ас тұзы» жатады. Ұсынысқа байланысты баға динамикасы жиі байқалатын тауарлар санаттарына «Жеміс және көкөніс шырындары», «Сары май» және «Жарма, соның ішінде күріш» жатады. Бағаның өзгеруі көбінесе сұраныс пен ұсыныстан бөлек әркелкі факторлар арқылы түсіндірілетін санат – бұл «Тұздалған немесе тұзды судағы, кептірілген немесе ысталған ет және тағамдық қосымша ет өнімдері (шошқа етін, ірі қара мал етін қоспағанда)».

5-диаграмма. 2012 жылғы шілдеден бастап 2023 жылғы сәуірге дейінгі кезеңде «сұранысқа негізделген», «ұсынысқа негізделген» және «әртүрлі» тауарлар санаттарын жіктеу



Ескертпе: Ұлттық статистика бюросының деректері негізінде авторлардың есептеулері

4. Қорытынды

Осы талдамалық жазбада Қазақстанда ұсыныспен негізделген тауарлар санаттары 2012-2023 жылдар кезеңінде азық-түлік инфляциясының көтерілген/төмендетілген деңгейлерінің шамамен 42% жауапты болғандығы көрсетілген. Азық-түлік бағасының 36%-ға жуық өзгеруін түсіндіретін сұраныспен негізделген тауарлар санаттары да инфляция деңгейіне елеулі үлес қосты. Сұранысқа да, ұсынысқа да жатқызуға болмайтын факторлар азық-түлік инфляциясының шамамен 5%-ын құрады, осылайша салыстырмалы түрде шамалы рөл атқарды.

Тұтастай алғанда, алынған нәтижелер ұсыныспен байланысты факторлардың азық-түлік инфляциясына қосқан үлесінің басым болуына байланысты Қазақстан экономикасы үшін белгілі бір тәуекелдердің бар екендігін куәландырады. Ақша-кредит саясаты сұранысқа негізделген инфляция салымын төмендетуге бағытталғаны белгілі. Осылайша ұсыныстың күтпеген өзгерісі жағдайында экономика бағаның күрт өсуіне және сатып алу қабілетінің төмендеуіне тап болуы мүмкін, бұл экономикалық өсудің баяулауы кезеңіне кірумен байланысты. Бұдан басқа азық-түлік тауарлары санаттарының көпшілігі сұраныс факторларымен түсіндірілетінін, ал инфляциялық қысым негізінен ұсыныспен негізделгенін ескере отырып, мөлшерленген ақша-кредит саясатын жүргізу әлеуетті неғұрлым жоғары инфляцияны және кейіннен пайыздық мөлшерлемелердің неғұрлым агрессивті көтерілуін болдырмауға мүмкіндік береді.

Айта кету керек, инфляция – бұл көп факторлы процесс, бұл жеке факторды оқшаулау мүмкіндігінің болмауына әкеледі. Инфляцияны қалыптастыратын факторлар бір-бірімен тығыз байланысты. Осыған байланысты инфляциялық процестерді бақылау үшін үйлестірілген шаралар қабылдау қажет. Ұлттық Банк ақша-кредит саясатының дәстүрлі шараларын ұстануы қажет. Өз кезегінде, дәстүрлі емес шаралар (мемлекеттік облигацияларды сатып алу, экономиканы тікелей қаржыландыру, мемлекеттік бағдарламаларға қатысу және т.б.) инфляциялық тәуекелдерді жоғарылататын ақша массасының (қамтамасыз етілмеген эмиссия) кеңеюіне әкеледі.

Өз кезегінде Үкімет контрциклдік бюджет саясатын жүргізуді ұстануға тиіс. Бұдан басқа қазіргі уақытта саясаткерлердің назары азық-түлік бағасының халықаралық жеткізу тізбегінің жай-күйі немесе еңбек өнімділігінің деңгейі сияқты өзгеруін айқындайтын ұсыныстың нақты детерминанттарын анықтау мен түсінуге шоғырлануға тиіс. Бұл ұсыныспен байланысты проблеманы шешуге тырысу және ол бақылаудан шыққанға дейін инфляциямен тиімді күресу үшін қажет.

Сілтемелер

Ұлттық статистика бюросы. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы. (2023). 2023 жылғы 20 шілдеде <https://new.stat.gov.kz/ru/> алынды.

Calvert Jump, R., & Kohler, K. (2022). A History of Aggregate Demand and Supply Shocks for the United Kingdom, 1900 to 2016. *Explorations in Economic History*, 85, 101448. <https://doi.org/10.1016/j.eeh.2022.101448>.

Shapiro, A. H. (2022). How Much Do Supply and Demand Drive Inflation? *FRBSF Economic Letter*. <https://www.frbsf.org/economic-research/publications/>.

Тұлеуов, О., «Рублевая ловушка»: о повышении макроэкономической роли курса рубля к тенге в Казахстане и его последствия (2021). Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі. 2023 жылғы 20 шілдеде <https://www.nationalbank.kz/en/page/publikacii-i-issledovaniya> алынды.

5. Қосымша

1-кесте. Зерттеуде пайдаланылатын тұтыну тауарларының санаттары

Тауар №	Санаты	Тамақ өнімдері
1-тауар	Ет және құс еті, тағамдық қосымша ет өнімдері	Сиыр еті – жамбас бөлігі Сиыр еті – сүбе бөлігі Сиыр еті – жауырын-төс бөлігі Сүйекті сиыр еті Сүйексіз сиыр еті Шошқа еті – сан жамбас бөлігі Шошқа қабырғасы Шошқа еті – жауырын бөлігі Сүйексіз шошқа еті Сүйекті шошқа еті Сүйекті қой еті Қой еті – сүйекті артқы бөлігі Сүйекті жылқы еті Жая Сиыр бауыры Қазы Сиыр тілі Тауықтар Тауықтың сан жамбасы Тауықтың саны, сирағы Тауықтың төс еті Тауықтың қанаттары
2-тауар	Тұздалған, тұзды судағы, кептірілген немесе ысталған (шошқа етін, ірі қара малдың етін қоспағанда) ет және өзге де тағамдық қосымша ет өнімдері	Тұшпара, манты, хинкали Тартылған ет Еттен жасалған котлет Ұсақ кесекті жартылай дайын ет өнімдері Еттің басқа түрлерінен алынатын ысталған ет өнімдері Ысталған ет өнімдері
3-тауар	Шұжықтар және еттен жасалған ұқсас өнімдер	Пісірілген шұжық Жартылай ысталған шұжық Сосискалар, сарделькалар Шикі ысталған шұжық
4-тауар	Қайта өңделген және консервіленген балық, шаян тәрізділер және моллюскілер	Жас немесе салқындатылған балық Мұздатылған балық Теңіз өнімдері Мұздатылған тазартылған креветкалар Суық ысталған скумбрия Тұздалған және ысталған балық (Жеңсік емес) Жеңсік тұздалған балық Тұздалған майшабақ Майдағы шпроттар Жеңсік емес балық консервілері Жеңсік балық консервілері Қызыл уылдырық

5-тауар	Жеміс және көкөніс шырындары	Жеміс шырындары Көкөніс шырындары
6-тауар	Картоптан басқа, өңделген және консервіленген көкөністер; көкөніс пен саңырауқұлақ негізінде дайын тамақ өнімдері	Тұздалған және маринадталған кияр Түскі асқа арналған жеңіл тағам консервілері Табиғи, консервіленген, маринадталған көкөністер Консервіленген жасыл бұршақ Консервіленген жүгері Тұздалған және маринадталған саңырауқұлақтар Табиғи мұздатылған көкөністер
7-тауар	Өңделген және консервіленген жемістер мен жаңғақтар	Компотқа арналған құрғақ жемістер Жаңғақ (фундук, бадам, кешью, грек жаңғағы) Арахис (жер жаңғағы) Кепкен өрік Мейіз Консервіленген жемістер
8-тауар	Өсімдік майы	Зәйтүн майы Күнбағыс майы
9-тауар	Маргарин және ұқсас өнімдер	Маргарин
10-тауар	Өңделген сұйық сүт және кілегей	Ультра пастерленген, зарарсыздандырылған сүт Пастерленген сүт Кілегей
11-тауар	Сары май	Тұздалмаған сары май Өсімдік майы-сары май
12-тауар	Ірімшік және сүзбе	Сүзбе майлылығы 5-9% Сүзбе массасы, сүзбеше Мәйекті ірімшік Қатты ірімшік Балқытылған ірімшік Тұзды судағы ірімшік
13-тауар	Сүт пен қоюландырылған кілегей және қант немесе басқа да тәттілендіргіш заттар қоспалары бар немесе қоспасыз, қатты формада емес	Қант қосылған қоюландырылған сүт Қант қосылмаған концентрацияланған сүт

14-тауар	Ферменттелген немесе ашытылған йогурт, сүт және кілегей	Йогурт Айран майлылығы 2,5% Қаймақ Ряженка
15-тауар	Балмұздақ и тағамға арналған мұз (щербет, кэмпиттерді қоса), балмұздақ дайындауға арналған қоспалар мен негіздерден басқа	Балмұздақ Шербет
16-тауар	Ұн	Жоғары сұрыпты бидай ұны Бірінші сұрыпты бидай ұны
17-тауар	Күрішті қоса алғанда жармалар	Ұнтақ жарма Қарақұмық жармасы Сұлы жармасы Арпа жармасы Тары Жүгері жармасы дән тұқымдас үлпектер (құрғақ таңғы астар) Ақталған, жылтыратылған күріш
18-тауар	Нан; торттар және кондитерлік өнімдер; тәттілендіретін заттар қоспалары бар өзге де нан-тоқаш өнімдері	Қара бидай-бидай наны Жоғары сұрыпты бидай ұнынан пісірілген нан Бірінші сұрыпты бидай ұнынан пісірілген нан Кесілген нан Майқоспалы тәтті тоқаштар Торттар Орамалар, кекстер
19-тауар	Кептірілген нан және печенье; кондитерлік өнімдер және ұзақ сақталатын тәтті бәліш	Пряниктер Қантты печенье Тәтті бәліш Вафли Тоқаш Үгілмелі печенье Кептірілген нан
20-тауар	Макарондар, кеспе, кускус және осыған ұқсас ұн өнімдері е	Вермишель Кеспе Рожки Спагетти
21-тауар	Қант	Құмшекер Рафинад-қант
22-тауар		Ирис Карамель

	Шоколад, шоколадтан және қанттан жасалған кондитерлік өнімдер	Шоколадпен жылтыратылған кәмпиттер Шоколадпен жылтыратылмаған кәмпиттер Зефир Шоколад Мармелад
23-тауар	Шәй және кофе	Еритін кофе Дәнді, ұнтақталған кофе Қара бай хуа шайы Көк шай
24-тауар	Сірке суы, тұздықтар, аралас дәмдеуіштер, қыша ұны мен ұнтағы; дайын қыша	Ұнтақталған қызыл бұрыш Ұнтақталған қара бұрыш Ашытқы Дайын дәмдеуіштер мен тұздықтар Сірке суы, сірке эссенциясы Қызанақ кетчубы Құрғақ сорпалар Қызанақ пастасы Сорпа концентраттары Басқа да дәмдеуіштер
25-тауар	Ас тұзы	Экстрадан басқа тұз
26-тауар	Арақ және ликер-арақ өнімдері	Арақ
27-тауар	Коньяк және коньяк сусындары	Маркалық жай коньяктар
28-тауар	Жүзім шарабы-барлығы (сидр мен жүзім суслоны қоспағанда)	Асханалық жүзім шарабы Күшейтілген жүзім шарабы Шампан, көпіршікті жүзім шарабы
29-тауар	Сыра қайнатудан қалған тұнбасыз және қалдықсыз сыра	Құрамында алкогольі бар сыра
30-тауар	Минералды сулар және алкогольсіз сусындар	Минералды су Ауыз суы Газдалмаған сусындар Газдалған сусындар
31-тауар	Шылымдар и папиросы	Фильтрлі шылымдар Фильтрсіз шылымдар